Облыс қаржы басқармасының
сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген
ішкі талдау нәтижелері бойынша
**талдамалық анықтама**

Павлодар қ. 2025 жылғы сәуір

«Павлодар облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі *(бұдан әрі – Басқарма)* облыстық бюджеттен қаржыландырылатын, облыс әкімдігімен бюджет атқару, бюджет есебін және облыстық бюджетті атқару есептілігін жүргізу, облыстық коммуналдық меншікті басқару салаларында басшылық етуге уәкілетті еткен мемлекеттік орган болып табылады.

Басқарма өз қызметін Конституцияға және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, өзге нормативтік құқықтық актілерге сәйкес іске асырады, ведомстволары жоқ.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын сыбайлас жемқорлық саласындағы қоғамдық қатынастардың маңыздылығын ескере отырып сапалы және жан-жақты іске асыру мақсатында басқарманың құрылымдық бөлімшелерінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес *(бұдан әрі – СЖТІТ)* іс20 15 наурыздағы № 14 бұйрығымен бекітілді.

Бұл ретте алдыңғы СЖТІТ 2024 жылғы сәуір айында өткізіліп, ағымдағы СЖТІТ 2024 жылғы 1 сәуірден 2025 жылғы 31 наурызға дейінгі кезең үшін жүргізіліп отыр.

Келесі құрамдағы жұмыс тобы құрылды:

| | |
|---|---|
| 1. Бектурганов Саян Орынбекович | Басқарма басшысының орынбасары, жұмыс тобының басшысы. |
| 2. Киякбаев Ринат Оразбаевич | мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі; |
| 3. Туктыбаева Асель Кайдаровна | жергілікті бюджеттерді атқару туралы жиынтық есептілікті құру бөлімінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі; |
| 4. Татыбаева Сания Амангельдиновна | жекешелендіру және мүліктік жалдау бөлімінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі; |
| 5. Абильтаева Жанна Муратовна | мониторинг және заңды тұлғаларды басқару бөлімінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі; |
| 6. Шахмет Ерлан Шахметұлы | коммуналдық мүлікті басқару бөлімінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі; |
| 7. Абильтаева Айгуль Муратовна | бюджет атқарылуын және бюджетаралық қатынастарды жиынтық талдау бөлімінің басшысы, жұмыс тобының мүшесі; |
| 8. Рамазан Саят Канатұлы | мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту және құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы, жұмыс тобының хатшысы |

Өз қызметінде Басқарма ҚР Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық, азаматтық, азаматтық процессуалдық, бюджеттік, салықтық, кәсіпкерлік және еңбек кодексін, ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «ҚР мемлекеттік қызмет туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы», «Мемлекеттік сатып алулар туралы», «Мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Жуапкершілігі шектеулі серіктестіктер туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңдарын, облыс әкімдігінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы № 3/1 қаулысымен бекітілген «Павлодар облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы» ережені және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Тексеру сәтінде Басқарма басшысының бұйрығына сәйкес 3 нормативтік құқықтық актілер бойынша мониторинг жүргізілді:

1. Павлодар облысы әкімдігінің 2016 жылғы 4 шілдедегі «Облыстық коммуналдық мүлікті шеттеу түрлерін таңдау бойынша критерилерді айқындау туралы» № 212/5 қаулысы.

2. Павлодар облысы әкімдігінің 2025 жылғы 21 ақпандағы «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарын және қазыналық кәсіпорындардың ұйымдық-құқықтық нысанындағы мектепке дейінгі ұйымдарды, балаларға арналған қосымша білім беруді қоспағанда,

облыстық коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы» № 58/1 қаулысы.

3. Павлодар облысы әкімдігінің 2020 жылғы 7 сәуірдегі «Павлодар облысы жергілікті атқарушы органының мемлекеттік бағалы қағаздарды шығару шарттарын, көлемі мен нысаналы бағытын айқындау туралы» № 68/2 қаулысы.

**Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерде мынадай сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен коллизиялар/құқықтық олқылықтар анықталды.**

1. 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII Заңымен (бұдан әрі - Заң) шарт тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу бөлігінде өзгерістер енгізілді.

Қолданыстағы заңнама нормаларымен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді бір көзден сатып алу бойынша тікелей шарт жасасу жолымен мемлекеттік сатып алуды өткізу дағдарыстық жағдайлардың, төтенше жағдайлар салдарының немесе төтенше жағдайлардың алдын алу, оқшаулау және (немесе) жою үшін мүмкін болады *(Заңның 16-бабының 3-тармағы, 3-тармақшасы)*.

Бұл ретте, заңнамада жоғарыда көрсетілген іс-шараларды/жұмыстарды жатқызуға болатын нақты жұмыс түрлері/критерийлері жоқ.

2. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 24 маусымдағы № 52-VII Заңымен Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне, атап айтқанда Кәсіпкерлік кодексіне және «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңына *(бұдан әрі - Заң)* әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту, критерийлерді айқындау, мемлекеттік қолдау және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне сатып алу құқығынсыз мүліктік жалға (жалдауға) беру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 8 қазандағы № 91 бұйрығымен Мемлекеттік мүлікті әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне сатып алу құқығынсыз жеңілдікті шарттармен мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қағидалары бекітілді.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен *(қолданыстағы НҚА-ға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып)* мемлекеттік мүлікті Жалға берушілер (мемлекеттік мүлік жөніндегі жергілікті атқарушы органдар) тарапынан әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне мүліктік жалға (жалдауға) беру кезіндегі механизмі және қандай жеңілдіктер көзделгені жоқ.

*Мысалы: ҚР Кәсіпкерлік кодексінің 79-3-бабына сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің бірінші санатына өз кезегінде қоғамдық бірлестіктер ретінде ұйымдық құқықтық нысанда құрылатын және коммерциялық емес ұйымдар болып табылатын және қолданыстағы заңнамаға сәйкес әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі ретінде жатпайтын мүгедектер жатады.*

*Бұл ретте, Заңға сәйкес мемлекеттік мүлік мемлекеттік емес заңды тұлғаларға мүліктік жалдауға (жалға алуға) тек өтеулі негізде ғана беріледі.*

**3.** «Мемлекеттік мүлік туралы» ҚР Заңының 157-бабына сәйкес қазыналық кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға меншік иесінен алынған мүліктен қалыптастырылады. Қазыналық кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері және жарғылық капиталдың мөлшерін қазыналық кәсіпорынның жарғысында көрсету жөніндегі норма Заңда айқындалмаған.

Алайда, қазыналық кәсіпорындарда бюджет қаражатын пайдалану тиімділігінің аудиті шеңберінде Павлодар облысы бойынша Тексеру комиссиясы баланстағы активтердің құрамында ведомстволық бағынысты кәсіпорындарға квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына салым ретінде берілген мүлікті тануды ұсынды.

Қолданыстағы заңнамада қазыналық кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшерін айқындау жөніндегі тәсілдер мен ережелер жоқ.

4. Павлодар облысы қаржы басқармасының функциясы коммуналдық меншік объектілерін тиімді пайдалану мониторингі болып табылады.

Бұл ретте мемлекеттік органдарды орналастыру нормаларын реттеу үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 179 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдарды мемлекеттік органдардың аппаратын орналастыруға арналған қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, офистік жиһазбен және алаңдармен қамтамасыз етудің заттай нормалары (бұдан әрі - Қағидалар) қолданылады.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік сектор субъектілерін және мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелерді орналастыру үшін нормалар жоқ, бұл мемлекеттік меншік объектілерін тиімді басқару үшін тиесілік нормаларын есептеуді қиындатады, сыбайлас жемқорлық тәуекелін туғызады - квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және әртүрлі алаң қызметінің бірдей түрлерімен айналысатын, мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелердің орналасуы, басқару органының квазимемлекеттік сектор субъектілері мен мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелер басшыларының біріне артықшылық беруі ретінде бағалануы мүмкін.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты қызметтік және кезекші автомобильдермен, телефон байланысымен, кеңсе жиһазымен және квазимемлекеттік желі субъектілерінің аппаратын, сондай-ақ мемлекеттік органдар болып табылмайтын мемлекеттік мекемелерді орналастыру үшін алаңдармен қамтамасыз ету жөніндегі тиесілілік нормаларын әзірлеу ұсынылады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл шеңберінде Басқармада құқықтық мәдениет деңгейін арттыру, қызметкерлерді құқықтық оқыту бойынша жүйелі жұмыс, сондай-ақ құқықтық түсіндіру жұмысы жүргізілуде.

Басқармада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Әкімшілік іс жүргізу кодексінің және басқа да нормативтік құқықтық актілердің нормаларын қарау бойынша аппараттық оқу жүргізіледі.

Басқарма басшысы және орынбасарлары мемлекеттік әкімшілік қызметшілерге мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, ҚР Әдеп кодексі және т.б. туралы қолданыстағы заңнама нормаларын өзгерту/толықтыру бойынша тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Басқарма мамандарына «Әділет» НҚА ақпараттық-құқықтық жүйесіне тұрақты түрде қолжетімділік қамтамасыз етілді.

Басқармада мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін, мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы бұзу фактілері туралы хабарлау үшін «32-58-26 сенім телефоны» жұмыс істейді, ол ресми сайтта орналастырылған, бейнебақылау жүйесі орнатылған.

Сондай-ақ, сайтта Басқарма басшысының және оның орынбасарларының азаматтарды жеке қабылдау кестесі орналастырылған.

Басқармада азаматтарды қабылдау, азаматтардың жазбаша және ауызша өтініштерін/шағымдарын қарау және тіркеу Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-іс жүргізу кодексіне, Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2023 жылғы 4 қаңтардағы «Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, мемлекеттің 100% қатысатын заңды тұлғаларға келіп түскен өтініштерді тіркеу, есепке алу, сондай-ақ «Электрондық өтініштер» ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 4 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Кестеге сәйкес азаматтардың жеке мәселелері бойынша қабылдаулар апта сайын сәрсенбі күні басқарма басшысы сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін, жұма күні сағат 10.00-ден 13.00-ге дейін басқарма басшысының орынбасарларымен өткізіледі.

2019 жылдан бастап бюджеттің ашықтығы мен елдегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыста ашық бюджеттердің интерактивті картасын іске қосты, ол бөлінген бюджет қаражатын сыртқы ресурста көрсетуге және бақылауға, шағымдарды жинауға, ақпаратты қарауға және талдауға арналған жалпыға қолжетімді сервис.

Сонымен қатар бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің ресми сайттарында бюджетті жоспарлау және атқару сатысындағы «Азаматтық бюджет» орналастырылады *(Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы «Бюджеттік жоспарлау және бюджетті атқару кезеңдерінде азаматтық бюджетті жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» № 15 бұйрығы).*

Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бюджеттің атқарылуы туралы есептерді міндетті түрде жариялауды білдіретін ашықтық принципі бюджет жүйесінің қағидаттарының бірі болып табылады.

Осы қағидатты басшылыққа ала отырып, бюджетті ашық және жария ету, сондай-ақ халықтың мемлекеттік органдарға сенімін арттыру, бюджеттің атқарылуы, бюджетті дамыту бағдарламаларының орындалуы туралы, трансферттер туралы материалдар, жиынтық қаржылық есептілік, дебиторлық берешек туралы есеп, ай сайын облыстық қаржы басқармасының интернет-ресурсында жыл сайын және алты айдың қорытындысы бойынша – азаматтық бюджет, өзгерістерге қарай – қаржы басқармасының бюджеттік бағдарламалары жарияланады.

Сонымен қатар, «Ашық бюджеттер» порталында шоғырландырылған қаржылық есептілік, дебиторлық және кредиторлық берешек орналастырылған.

Бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін жинау, қадағалау және талдау, нысандары, кезеңділігі, мерзімдері, бюджеттің атқарылуы туралы есептерді жасау және ұсыну тәртібі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Белгіленген стандарттарға сәйкес есептілік «Е-Қаржы Министрлігі» ақпараттық жүйесі *(шоғырландырылған қаржылық есеп, бюджеттің атқарылуы туралы есеп және т.б.)* арқылы жіберіледі.

Басқарманың фойесінде мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің мәтіні бар стенд орнатылған.

Басқарма қызметкерлеріне жұмыстан тыс уақыттағы мінез-құлық нормалары мен қызметтік қарым-қатынастардағы мінез-құлық нормалары тұрақты негізде жеткізіліп, қызметтік көлікті жеке мақсатта және жұмыс уақытынан тыс мақсатсыз пайдаланғаны үшін тәртіптік жауапкершілік түсіндіріліп, бөлім қызметкерлеріне Басқармаға әкімшілік ғимаратқа сыйлықтар, кәдесыйлар әкелмеу, сондай-ақ кез келген іс-шараларға заңсыз қаражат жинауға жол бермеу ескертіледі.

Талдау жүргізілген кезеңде басқармада негізгі қызмет бойынша 189 бұйрық, жеке құрам бойынша 138 бұйрық (демалыс, іссапар, кадрлық орын ауыстыру) шығарылды.

Талдау барысында басқарманың және оның құрылымдық бөлімшелерінің қызметін реттейтін ережелер мен ішкі тәртіп ережелері, сондай-ақ мамандардың лауазымдық нұсқаулықтары зерделенді.

2025 жылы басқарманың штаттық саны 37 бірлікті құрады.

2025 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша штат саны – 37 адам құрап отыр, нақты саны – 37 бірлік, бос орындар – 0.

Басқарма құрылымы бойынша 8 бөлім:

| | |
|---|---|
| Бюджет атқарылуын және бюджетаралық қатынастарды жиынтық талдау бөлімі | 6 |
| Мониторинг және әлеуметтік сала мен мемлекеттік органдарды қаржыландыру бөлімі | 4 |
| Мониторинг және экономика нақты секторын қаржыландыру бөлімі | 4 |
| Жергілікті бюджеттерді атқару туралы жиынтық есептілікті құру бөлімі | 5 |
| Мемлекет қатысуымен заңды тұлғаларды басқару бөлімі | 4 |
| Коммуналдық мүлікті басқару бөлімі | 4 |
| Коммуналдық мүлікке иелену бөлімі | |

**<u>Конкурстық рәсімдер.</u>** 2021 жылғы қарашадан бастап мемлекеттік қызметке қабылдау/босатудың барлық конкурстық рәсімдері, тәртіптік жаза қолдану және алу және басқаларын облыс әкімі аппараты жанындағы персоналды басқарудың бірыңғай қызметі іске асырады, бұл өз кезегінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмайды.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзғаны үшін, теріс себептермен мемлекеттік қызметтен шығарылған және жауапкершілікке тартылған фактілер **жоқ.**

Барлық талданатын кезең ішінде Басқарманың бес қызметкері тәртіптік жазаға тартылды. Жаза түрлері бойынша: 0 адам – ескерту, 1 – сөгіс.

Істер номенклатурасы Павлодар облысының мемлекеттік мұрағаты бекіткен талаптарға сәйкес келеді.

Білім бөлігінде қызметкерлер біліктілік талаптарына сай лауазымдарда қызмет етіп отыр.

Аталған кезең ішінде біліктілікті арттыру курсынан 11 қызметкер өтті. Мемлекеттік қызметшілерді оқыту оларды өту ережелері мен оқыту кестесіне сәйкес өткізілуде.

Қаржы басқармасының жұмыс тобымен келесілерге сыбайлас жемқорлықтың ішкі талдауы: мүдделер қақтығысы, жұмысқа қабылданған қызметкерлердің басқарма басшыларымен еншілестігі, кадрлар ауысуының, қызметкерлердің жұмыстан босатылуының себептері, жақын туыстардың, жұбайлардың және басқа туыстардың бірлескен жұмысы Басқарма қызметкерлерінің жеке істерін, қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер мен тыйымдарды *(бағынушылық, бақылаушылық, тәуелділік, оның ішінде өзге тұлғалардан болған жағдайда)* талдау жолымен жүргізілді.

Бұл ретте тексеріліп отырған кезең ішінде Басқарма қызметінде сыбайлас жемқорлықтың көріну фактісі бойынша жеке және заңды тұлғалардан өтініштер келіп түскен жоқ.

Басқарма тұрақты негізде облыстық бюджеттің уақтылы атқарылуына мониторинг жүргізеді, облыстық бағдарламалар әкімшілерінің бюджет атқару бойынша қызметін үйлестіруді іске асырады. Сонымен қатар, бюджет игеру тетігін тікелей бюджеттік бағдарлама әкімшілері орындайды. Қаржы басқармасы бюджеттік бағдарламалар әкімшілеріне қабылданбаған міндеттемелер мен төленбеген төлемдер жөнінде ескертулерді үнемі жолдайды. Көрсетілген ақпараттың болуы әкімшілерді жағдайға әсер етуіне міндеттейді және игерілмеген қаражатқа жол бермеу бойынша тиісті шаралар қабылдау мүмкіндігін береді деп есептейміз.

Мемлекеттік сатып алулар Қазақстан Республикасының нормалары мен заңнамасына сәйкес <u>www.goszakup.gov.kz</u>мемлекеттік сатып алудың бірыңғай порталы арқылы жүргізіледі. Рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз ету шеңберінде ҚР «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңымен мемлекеттік құпия құрайтын сатып алуларды есепке алмағанда, мемлекеттік сатып алулар электрондық форматқа ауысып отыр.

Веб-порталда өткізіліп отырған мемлекеттік сатып алулар рәсімі туралы толық ақпарат орналастырылады (жылдық жоспарлар, сатып алу туралы хабарландырулар, шарт жасалуы, орындалған жұмыстар актілері). Веб-портал деректері барлық интернет қолданушылары үшін қолжетімді.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Әділет» нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінде орналастырылатын мемлекеттік сатып алу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге сілтемелер орналастырылған.

Мемлекеттік сатып алуды жүргізу барысында Басқарма Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

ҚР «Мемлекеттік сатып алулар туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағы негізінде 2025 жылға арналған мемлекеттік сатып алу жоспары әзірленді және бекітілді.

Есептілік «Павлодар облысының мемлекеттік сатып алулар басқармасы» ММ-не жіберіледі (өткізілген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу туралы).

**2024 жылғы 1 сәуірден 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең ішінде және 2025 жылғы бірінші тоқсанда бюджеттің атқарылуы бойынша ақпарат**

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | Бюджет 01.04.2024 – 31.12.2024 ж (м.т.) | Бюджеттің игерілуі 01.04.2024–31.12.2024 (%) | 2025 ж. бюджет (м.т.) | 2025 ж. 1 тоқсанда жоспарлы қаржландыру (м.т) | 2025 ж. 1 тоқсанда бюджеттің игерілуі (%) |
|---|---|---|---|---|---|
| 257001 «Жергілікті бюджетті атқару және облыс коммуналдық меншігін басқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру қызметтері» | 181764,0 | 100,0 | 247658,0 | 82079,0 | 99,7 |
| 257004 «Жергілікті атқарушы органның қарызына қызмет көрсету» | 2388510,0 | 100,0 | 2099632,0 | 27128,0 | 100,0 |
| 257007 «Субвенциялар» | 5346134,0 | 100,0 | 8470051,0 | 3269024,8 | 100,0 |
| 257008 «Жергілікті атқарушы органның қарызын өтеу» | 5835467,0 | 100,0 | 5448421,0 | 1914811,0 | 100,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 257009 «Жекешелендіру, коммуналдық мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және сонымен байланысты дауларды реттеу» | 10845,0 | 78,5 | 21371,0 | 97,0 | 99,5 |
| 257011 «Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару» | 0,0 | 0,0 | 299380,0 | 299380,0 | 100,0 |
| 257012 «Облыс жергілікті атқарушы органының резерві» | 212403,8 | 0,0 | 1013106,2 | 0,0 | 0,0 |
| 257013 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» | 8071,0 | 100,0 | | | |
| 257015 «Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы қарызын өтеу» | 1598120,0 | 99,8 | 2307376,0 | 508891,0 | 100,0 |
| 257016 «Республикалық бюджеттен алынған қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге төлемдерді төлеу бойынша жергілікті атқарушы органдардың қарыздарына қызмет көрсету» | 13586,0 | 85,9 | 10769,0 | 842,0 | 99,7 |
| 257028 «Мүлікті коммуналдық меншікке сатып алу» | 44760,0 | 100,0 | | | |
| 257024 «Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджет шығыстарын өтеу үшін төмен тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттер» | | | 123393,0 | 22434,0 | 0,0 |
| 257052 «Өткен қаржы жылы бөлінген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) дамуға арналған нысаналы трансферттер сомасын қайтару» | | | | | |
| 257053 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттер сомасын қайтару» | 0,0 | 0,0 | 798479,0 | 798479,0 | 100,0 |
| 257113 «Төмен тұрған бюджеттерге бөлінетін нысаналы ағымдағы трансферттер» | | | 23085,0 | 5485,0 | 100,0 |

| Бюджеттік бағдарламаның атауы | Бюджет 01.04.2024 – 31.12.2024 ж (м.т.) | Бюджеттің игерілуі 01.04.2024–31.12.2024 (%) | 2025 ж. бюджет (м.т.) | 2025 ж. 1 тоқсанда жоспарлы қаржландыру (м.т) | 2025 ж. 1 тоқсанда бюджеттің игерілуі (%) |
|---|---|---|---|---|---|
| 257001 «Жергілікті бюджетті атқару және облыс коммуналдық меншігін басқару саласында мемлекеттік саясатты іске асыру қызметтері» | 162 083,0 | 100,0 | 255 070,0 | 78 797,0 | 95,1 |
| 257004 «Жергілікті атқарушы органның қарызына қызмет көрсету» | 2 081 761,0 | 100,0 | 2 287 468,0 | 107 781,0 | 100,0 |
| 257007 «Субвенциялар» | 4 836 388,2 | 100,0 | 9 154 324,0 | 3 538 952,0 | 100,0 |
| 257008 «Жергілікті атқарушы органның қарызын өтеу» | 3 533 610,0 | 100,0 | 4 815 417,0 | 0,0 | 0,0 |
| 257009 «Жекешелендіру, коммуналдық мүлікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және сонымен байланысты дауларды реттеу» | 6 071,0 | 100,0 | 26 317,0 | 23 779,0 | 100,0 |
| 257011 «Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы | 299 380,0 | 100,0 | 400 251,0 | 400 251,0 | 100,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| трансферттерді кайтару» | | | | | |
| 257012 «Облыс жергілікті атқарушы органының резерві» | 66 082,6 | 0,0 | 1 881 583,0 | 0,0 | 0,0 |
| 257015 «Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы қарызын өтеу» | 1 725 720,0 | 99,9 | 3 769 976,0 | 1 174 746,0 | 100,0 |
| 257016 «Республикалық бюджеттен алынған қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге төлемдерді төлеу бойынша жергілікті атқарушы органдардың қарыздарына қызмет көрсету» | 14 488,0 | 87,4 | 13 500,0 | 851,0 | 100,0 |
| 257028 «Мүлікті коммуналдық меншікке сатып алу» | | | 42 693,0 | 41 832,0 | 100,0 |
| 257024 «Заңнаманың өзгеруіне байланысты жоғары тұрған бюджет шығыстарын өтеу үшін төмен тұрған бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттер» | 100 959,0 | 100,0 | 272 813,0 | 49 604,0 | 100,0 |
| 257052 «Өткен қаржы жылы бөлінген, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша толық пайдалануға рұқсат етілген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) дамуға арналған нысаналы трансферттер сомасын қайтару» | 327 764,0 | 100,0 | 363 675,0 | 363 675,0 | 100,0 |
| 257053 «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттер сомасын қайтару» | 0,0 | 0,0 | 493 522,0 | 493 522,0 | 100,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 257113 «Төмен тұрған бюджеттерге бөлінетін нысаналы ағымдағы трансферттер» | 14 977,0 | 100,0 | 27 658,0 | 4 672,0 | 100,0 |

**СЖТІТ қорытындысы бойынша айқындалған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшырайтын лауазымдар тізбесі.**

Сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдерін ішкі талдау қолданыстағы нормативтік құқықтық актілермен іс-қимылдардың кезеңділігі мен бірізділігі белгіленгені анықталды, орындау мерзімдері мен тәсілдері мемлекеттік органның қызметкерлеріне қандай да бір шешімдерді дербес қабылдауға және заңнамалық актілерде жазылғаннан басқа мәселелерді шешудің өзге тәсілдерін қабылдауға мүмкіндік бермейді, **бұл сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық тәуекелдерін болдыртпайды/азайтады**.

Талдау нәтижелері бойынша Басқармада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар **анықталған жоқ**.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жасау барысында бірқатар бұзушылықтар анықтай отырып, жұмыс тобы**:**

1. Құзыретті органдарды шақыра отырып, Басқарма қызметкерлерімен Қазақстан Республикасының заңнама талаптарын қадағалау мәселесі жөнінде семинарлар (құқықтық жаппай оқытулар) өткізу: Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі, Әкімшілік рәсімдік-процессуалдық кодексі, ҚР «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдары және т.б.
2. Қайшылықтар/құқықтық олқылықтар анықталған құрылымдық бөлімшелердің басшылары (құзыреті бойынша) НҚА әзірлеуші органға НҚА қолданыстағы заңнамаға сәйкестендіруді түсіндіру бойынша жазбаша сұраулар/ұсыныстар жіберуді,
3. Басқарма қызметкерлеріне тұрақты негізде қолданыстағы заңнамаға сәйкес жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштерге толық және уақтылы жауап ұсынуды,
4. НҚА мониторинг жүргізуді
5. Басқармада сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактілеріне жол бермеу бойынша іс-шаралар жүргізуді.
6. Басқарма басшыларының орынбасарларына Басқарма қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін сапалы орындауына жеке бақылау жүргізуді.

7. Басқарма басшысын және барлық қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен таныстыруды **ҰСЫНДЫ.**

Анықтама екі данада жасалған.

| **Лауазымы** | **Қолы** | **ТАӘ** |
|---|---|---|
| **Басқарма басшысының орынбасары** | | **Бектурганов С. О.** |
| **МЖӘ дамыту және құқықтық жұмыс бөлімінің басшысы** | | **Киякбаев Р.О.** |
| **Жергілікті бюджеттерді атқару туралы жиынтық есептілікті құру бөлімінің басшысы** | | **Туктыбаева А.К.** |
| **Коммуналдық мүлікке иелік ету бөлімінің басшысы** | | **Татыбаева С.А.** |
| **Мемлекет қатысуы бар заңды тұлғалармен жұмыс бөлімінің басшысы** | | **Абильтаева Ж.М.** |
| **Коммуналдық мүлікті басқару бөлімінің басшысы** | | **Шахмет Е.Ш.** |
| **Бюджет атқарылуын және бюджетаралық қатынастарды жиынтық талдау бөлімінің басшысы** | | **Абильтаева А.М.** |
| **Мемлекеттік-жекешелік әріптестікті дамыту және құқықтық жұмыс бөлімінің бас маманы, хатшы** | | **Рамазан С.К.** |